БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУІШ ҚҰРАЛДАРЫ

Пән: Балалар терапиялық және хирургиялық стоматология -1

Пәннің коды: BTHS 5302-1

ББ атауы: 6B10103-«Стоматология»

Оқу сағатының/кредиттің көлемі : 150 сағат (5 кредит)

Оқу курсы және семестрі: 5/9

Құрастырған: Исмаилова Н.П, ассистент

Хаттама № 11 «26» 06 2025

Кафедра меңгерушісі м.ғ.к., доцент м.а. _____ Л.О. Кенбаева

Шымкент 2025

№1 аралық бақылауға арналған сұрақтар

1. Түбірлері қалыптаспаған уақытша және тұрақты тістердің анатомиялық, морфологиялық, гистологиялық және рентгенологиялық ерекшеліктерін салыстырыңыз. Мысал келтіріңіз.

2. Уақытша және тұрақты тістердің түзілу, минералдану, жарып шығу және түбірлерінің қалыптасу уақытын атап, олардың айырмашылығын сипаттаңыз.

3. Тістің қатты тіндерінің тісжегілік емес зақымдануларының негізгі түрлерін атаңыз. Олардың этиологиясы мен патогенезін салыстырмалы түрде түсіндіріңіз.

4. Тісжегілік емес зақымданулардың клиникалық белгілерін, диагностикалық әдістерін және емін сипаттап, олардың балаларда жиі кездесетін түрлеріне мысал келтіріңіз.

5. Түбірлері қалыптаспаған тұрақты тістерді емдеу кезінде жіберілетін негізгі қателерді атаңыз және олардың асқынуларын түсіндіріңіз. Алдын алу шараларын көрсетіңіз.

6. Балалардағы уақытша және тұрақты тістердің тіс жегілерінің жіктелуін келтіріп, олардың этиологиясы мен патогенезін салыстырыңыз.

7. Тістің тісжегілік емес зақымдануларының алдын алу шараларын атаңыз және олардың тиімділігін түсіндіріңіз.

8. Уақытша және түбірі қалыптаспаған тұрақты тістердің пульпитінің жіктелуін сипаттап, клиникалық ағымы мен диагностикадағы ерекшеліктерін салыстырыңыз.

9. Балалардағы пульпитті емдеу әдістерін (витальды, девитальды, биологиялық, ампутациялық) атап, олардың көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін түсіндіріңіз.

10. Уақытша тістер мен түбірі қалыптаспаған тұрақты тістердің периодонтитінің негізгі түрлерін сипаттап, олардың клиникалық көрінісі мен рентгенологиялық белгілерін салыстырыңыз.

11. Балалардағы жедел периодонтиттің диагностикасы мен емін түсіндіріңіз. Асқыну мүмкіндіктеріне мысал келтіріңіз.

12. Балалардағы гингивиттің этиологиясын, клиникасын, диагностикасын және емін сипаттаңыз. Тіс жарып шыққанда дамитын гингивиттің ерекшеліктерін салыстырыңыз.

13. Балалардың жоғарғы және төменгі жақтарында стоматологиялық араласуларға жасалатын жергілікті жансыздандырудың ерекшеліктерін түсіндіріңіз. Қолданылатын анестетиктерге мысал келтіріңіз.

14. Балалар стоматологиясында қолданылатын заманауи жансыздандыру әдістерін (оның ішінде Севоран) салыстырып, олардың көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін сипаттаңыз.

15. Балалардағы стоматологиялық араласулар кезінде дамуы мүмкін жергілікті және жалпы асқынуларды атап, олардың алдын алу және емдеу принциптерін түсіндіріңіз.

№1 Аралық бақылауға арналған тест сұрақтары

1. 1 активтілік дәрежесіндегі терең тіс жегіде қолданады:
A. емдік сықпаны қолданып пломбалау
B. жылына 3 рет ремтерапия
C. жылына 1 рет ремтерапия
D. ісікке қарсы сықпаны қолданып кейіннен пломбалау
E. жансыздандыратын қаттарды қолданып кейіннен пломбалау
2. Дақ сатысындағы тіс жегіде қолданылатын ремтерапия:
A. кальций, фосфор препараттарымен электрофорез
B. мырыш, фтор препараттарымен электрофорез
C. висмут, фтор препараттарымен электрофорез
D. қалайы, фтор препараттарымен электрофорез
E. жез, фтор препараттарымен электрофорез
3. Түбірі қалыптаспаған тістерде, орташа тіс жегінің 3 активтілік дәрежесін емдеу барысында, жүргізіледі:
A. F, Са препараттарын жергілікті қолдана отырып кейіннен пломбалау
B. Са препараттарын жергілікті қолдана отырып 1 қабылдауда пломбалау
C. Са препараттарын жергілікті қолдана отырып жылына 1 рет ремтерапия
D. Са препараттарын жергілікті қолдана отырып жылына 2 рет ремтерапия
E. Са препараттарын жергілікті қолдана отырып тегістеу
4. Шыныиономерлі цементтердің жағымды қасиеттерін атаңыз
A. ұлпаға тітіркендіретін әсердің болмауы және фторидтердің бөлінуі
B. органикалық қышқылдардың бөлінуі
C. ұлпаға тітіркендіретін әсердің болуы
D. екіншілік тіс жегіні тудыратын қасиеті
E. одонтобласттардың түзілуін қамтамасыз ету
5. Терең тіс жегіні емдеуде емдік төсем үшін қолданылатын материалдарға қойылатын талаптар:
A. қабынуға қарсы және одонтотропты әсері бар
B. жақсы пластикалық, тез қататын
C. механикалық мықты, тіс тіндеріне адгезиясы жоғары
D. борпылдақ, жақсы пластикалық
E. тіс түсіне сәйкес, тех қататын
6. Уақытша тістерде ғана кездесетін пульпиттің түрлері:
A. жедел пульпит, периодонт тіндері және лимфа түйіндерінің қатысуымен
B. лимфа түйіндерінің қатысуымен жедел сірлі жартылай пульпит
C. созылмалы гипертрофиялық пульпит
D. жедел іріңді жартылай пульпит
E. созылмалы гангренозды пульпит
7. Электроодонтодиагностика Келесі тістерде жүргізіледі:
A. түбірлері қалыптасқан тұрақты
B. түбірлері қалыптаспаған уақытша
C. түбірлері сорылған уақытша
D. түбірлері қалыптаспаған тұрақты
E. түбір ұшы жабылмаған тұрақты
8. Созылмалы фиброзды пульпит пен терең кариестің салыстырмалы диагностикасында шешуші болып саналады
A. сүңгілегенде ауыршаң сезімнің ұзақтығы

B. кариозды қуыстың тереңдігі
C. қуыста ашық, жұмсақ дентиннің болуы
D. қуыста тығыз пигменттелген дентиннің болуы
E. перкуссия және сүңгілеу

9. Ұлпаны мумификациялау үшін қолданылатын препарат
A. формальдегид құрамды қоспалар
B. цинк- эвгенол қоспасы
C. параформальдегид құрамды сықпа
D. антисептиктер негізіндегі сықпа
E. құрамында йодоформ бар сықпалар

10. Түбірлері қалыптаспаған тұрақты тістердің созылмалы фиброзды пульпитін емдеуде, қолданылатын әдіс:
A. кейіннен түбір өзектерін пломбалап терең ампутация
B. витальді ампутация
C. девитальді экстирпация
D. биологиялық әдіс
E. витальді экстирпация

11. Ұлпаның девитальді экстирпациясы, бұл:
A. өлі еттенген соң ұлпаны толығымен алу
B. тіршілігі сақталған ұлпаны жартылай алу
C. тіршілігі сақталған ұлпаны толығымен алу
D. өлі еттенген соң ұлпаны жартылай алу
E. дәрілік препараттарды қолдану

12. Түбір өзектерін кеңейту үшін қолданылады:
A. ЭДТА ерітіндісі
B. параформальдегид ерітіндісі
C. хлоргексидин ерітіндісі
D. иодонат ерітіндісі
E. 10% иод ерітіндісі

13. Ұлпаны мумификациялау, бұл:
A. ұлпаны асептикалық тінге ауыстыру
B. девитализациялағаннан кейін, ұлпаны алу
C. жансыздандырғаннан кейін ұлпаны алу
D. ұлпада қабынуды алу
E. өмір тіршілігін сақтап, ұлпаны алу

14. Рентгенограммада: түбірлердің сорылуы, уақытша тістердің түбірлері мен тұрақты тістердің фолликулалары бір-біріне жалғаса жүреді, бұл тән:
A. физиологиялық сорылуға
B. патологиялық сорылуға
C. тез сорылуға
D. баяу сорылуға
E. уақытынан бұрын сорылуға

15. Рентгенограммада: периодонтальды саңылау біркелкі кеңейген, түбір аймағында шеттері анық емес остеопороз ошағы бар, бұл:
A. созылмалы фиброзды периодонтит
B. созылмалы гранулярлы периодонтит
C. созылмалы гранулематозды периодонтит

D. созылмалы фиброзды пульпит
E. созылмалы гипертрофиялық пульпит

16. Қай кезде вертикальды перкуссияда ауырады:
A. жедел периодонтитте
B. жедел серозды пульпитте
C. созылмалы фиброзды пульпитте
D. созылмалы гипертрофиялық пульпитте
E. созылмалы гангренозды пульпитте

17. Түбір айналасы аймағындағы сүйек тіндерінің рентгенологиялық өзгерістеріне негізделе отырып созылмалы грануляцияланған периодонтит деген диагноз қойылады
A. айқын шекарасы жоқ сүйек тіндерінің ыдырауы
B. периодонт тіндерінде өзгерістер болмауы
C. айқын шекарасы бар сүйек тіндерінің ыдырауы
D. түбір ұшындағы периодонтальды саңылаудың кеңеюі
E. сүйек тіндерінің ыдырауы ошақтарының өсу зонасынан аз болуы

18. Тұрақты тістің ұрығының тіршілігін жою, бұл асқынуы:
A. созылмалы гранулярлы периодонтиттің
B. кариестің декомпенсирленген түрінің
C. созылмалы гангренозды пульпиттің
D. созылмалы гипертрофияланған пульпиттің
E. созылмалы фиброзды периодонтиттің

19. Эндемиялық ошақтағы флюороздың ауырлық дәрежесі, Келесі себепке байланысты:
A. судағы фтордың мөлшеріне
B. организмнің жалпы жағдайына
C. организмнің жергілікті жағдайына
D. кальцийдің мөлшеріне
E. фосфордың мөлшеріне

20. Қалыптасу сатысына байланысты тұрақты тістердің жүре пайда болған ақауы, көбінесе:
A. жүйелі
B. жергілікті
C. ошақты
D. сайлаулы
E. таңдамалы

21. Келесі жастағы балалардың қызыл иегінде гликогеннің шамадан тыс жоғарылауы байқалады:
A. 3 жасқа дейін
B. 3 жастан 5 жасқа дейін
C. 5 -10 жаста
D. 3 жастан 7 жасқа дейін
E. 1 жастан 6 жасқа дейін

22. Гипертрофияланған гингивиттің фиброзды түріне тән көріністер
A. қызыл иек бүртіктері бұзылған, ұлғайған
B. қызыл иек бүртіктері борпылдақтанып ұлғайған, қанағыш
C. қызыл иек бүртіктері қызарған, ісінген
D. қызыл иек боз- қызғылт түсті, ретракция
E. қызыл иек қабынған, альвеола сүйегі резорбцияланған

23. Балаларда байқалатын созылмалы катараль гингивитті қанндай себеп тудырады

A. ауыз қуысы гигиенасының нашарлауы
B. зиянды әдеттері
C. тыныс алу жолдарының аурулары
D. асқазан - ішек аурулары
E. жедел жұқпалы инфекциялы аурулары

24. Жедел катаральді гингивит кезіндегі қызыл иек жағдайы:
A. ісінген
B. бозарған
C. көгерген
D. желінген
E. семген

25. Кулаженко бойынша вакуум - сынаманы жүргізу кезінде гематоманың түзілу уақытының қысқаруы көрсетеді:
A. пародонттың қантамыр қабырғалары өткізгіштігінің жоғарылауын және иілімділігінің төмендеуін
B. қызыл иекте гликогеннің болуын
C. қызылиекте қабынудың болмауын
D. тісқызыл иек бекітілу бүтіндігінің бұзылуын
E. қызыл иекте оттегі балансының бұзылуын

26. Суда фтордың мөлшері 2,5 мг/л болған кезде, тістерде дентині ашылған эрозияның келесі түрі пайда болады:
A. флюороздың ойық жаралы түрі
B. флюороздың штрихті түрі
C. флюороздың дақты түрі
D. флюороздың деструктивті түрі
E. жүйелі гипоплазия

27. Гипертрофияланған гингивиттің ісінген түріне тән көріністер
A. қызыл иек бүртіктері борпылдақтанып ұлғайған, қанағыш
B. қызыл иек бүртіктері тығыз, бұзылған, ұлғайған
C. қызыл иек бүртіктері қызарған, ісінген
D. қызыл иек боз-қызғылт түсті, ретракция
E. қызыл иек қабынған, альвеола сүйегі резорбцияланған

28. Жіті герпестік стоматиттің ең негізгі емін тағайындаңыз:
A. вирусқа қарсы
B. дене қызуын түсіретін
C. жансыздандырушы
D. антисептикалық
E. иммунитетті күшейтетін

29. Жіті герпестік стоматиттің ауыр түріне тән алғашқы белгілері
A. дене қызуының 39 - 40 градусқа көтерілуі
B. жақ асты лимфа түйіндерінің лимфаденити
C. ауыз қуысының бөртпелері
D. гингивит
E. тәбетінің болмауы

30. Балаларда жіті герпестік стоматиттің бөрту кезеңінде көрсетілетін физиотерапия әдісі
A. УФО - терапия, оттегі коктейлі
B. электрофорез УФО- терапия

C. УВЧ - терапия, оттегі коктейлі
D. парафинотерапия УФО - терапия
E. дарсонвализация, массаж

31. Келесі аталған аурулардың қайсысында жақ сүйектерінен басқа бас қаңқасы, жамбас, жауырынның, жалпақ сүйектерінің рентгенологиялық бұзылулары байқалады:
A. Х - гистиоцитоз
B. қатерсіз тұқымқуалаушылық нейтропения
C. қант диабеті
D. гипоиммуноглобулинемия
E. Папийон - Лефевр синдромы

32. Ауыз қуысында сілемей асты негізі болмайды
A. қызыл иекте, тіл арқасында және қатты таңдайда
B. тілдің төменгі беткейінде
C. еріннің сілемейлі қабығында
D. ұрт сілемейінде
E. жұмсақ таңдайда

33. Дифтерия қоздырғышын атаңыз
A. Леффлер таяқшасы
B. қарапайым герпес вирусы
C. фильтрлеуші вирус
D. гемолитикалық стрептококк
E. Коксаки вирусы

34. Балаларда стоматиттің ... түрінде афталардың жазылуы тыртықтанумен аяқталады
A. Сеттон афтасы
B. Поспишил афтоиды
C. Бехчет синдромы
D. Стивенс - Джонсон синдромы
E. Беднар афтасы

35. Балаларда Беднар афтасының дамуының себептері
A. созылмалы механикалық жарақат
B. Леффлер таяқшасы
C. қарапайым герпес вирусы
D. Candida ашытқы тәріздес саңырауқұлағы
E. организмнің аутоинфекцияға сенсибилизациясы

36. Ауыздың уылуын келесі аурулармен салыстырмалауға болады
A. скарлатина, қызылша, дифтерия
B. пузырчатка, жіті герпестік стоматит, медикаментозды стоматит
C. ангина, қан ауруы, инфекционды мононуклеоз
D. жіті герпестік стоматит, дифтерия, ангина
E. дифтерия, қызылша, қан ауруы

37. Мерездің лабораториялық нақтамалау әдісі
A. Вассерман реакциясы
B. Манту реакциясы
C. тікелей агглютинация реакциясы
D. тікелей емес агглютинация реакциясы
E. иммуноблотинг

38. Жіті герпестік стоматитте аурулың қай кезеңінде қабынуға қарсы препараттар тағайындалмайды
A. эпителизациялану кезеңі

B. продромальды кезең
C. катаральды кезең
D. аурудың өршу кезеңі
E. инкубационды кезең

39. Жіті герпестік стоматитте аурудың бәсеңдеуі кезеңінде балаға тағайындау қажет
A. кератопластикалық ем, ауыз қуысының гигиеналық күтімі
B. ыстық түсіретін, қабынуға қарсы заттар
C. жансыздандырушы, кератопластикалық препараттар
D. десенсибилиздеуші, қабынуға қарсы заттар
E. қабынуға қарсы, антисептикалық заттар

40. Балаларда ЖИТС зақымдану жолы:
A. құрсақішілік
B. тамшылы
C. ауа - тамшылы
D. қатынасты, тамшылы
E. тұрмыстық

№2 аралық бақылауға арналған сұрақтар

1. Балалардағы уақытша және тұрақты тістерді жұлуға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерді салыстырыңыз. Мысал келтіріңіз.
2. Тіс жұлу операциясында қолданылатын негізгі хирургиялық құралдарды атап, олардың қызметін сипаттаңыз.
3. Балалардағы тістерді жұлу кезінде кездесетін интраоперациялық және операциядан кейінгі асқынуларды атаңыз. Алдын алу және емдеу принциптерін түсіндіріңіз.
4. Ауыз қуысының гигиеналық құралдарының түрлерін атаңыз. Тіс қабығының түзілу механизмі мен оның құрамын түсіндіріңіз.
5. Балалардағы жақ сүйектерінің одонтогенді периоститінің жіктелуін, клиникасын және диагностикасын сипаттаңыз. Емдеу тактикасын түсіндіріңіз.
6. Балалардағы периоститтің ықтимал асқынуларын атаңыз және олардың алдын алу шараларын түсіндіріңіз.
7. Жақ-бет аймағының іріңді-қабыну ауруларында анаэробты инфекцияның рөлін түсіндіріңіз. Анамнез, клиника және лабораториялық диагностика ерекшеліктері.
8. Балалардағы жақ-бет аймағының лимфаденитінің жіктелуін, клиникалық ағымын, диагностикасын және емін салыстырмалы түрде түсіндіріңіз.
9. Лимфаденттің ықтимал асқынуларын атап, олардың алдын алу жолдарын түсіндіріңіз.
10. Жақ-бет аймағының одонтогенді іріңді инфекциясын жергілікті емдеуде пробиотиктерді қолданудың принциптерін түсіндіріңіз. Клиникалық мысал келтіріңіз.
11. Балалардағы жақ-бет аймағының остеомиелитінің (жедел, созылмалы) жіктелуін, клиникасын, диагностикасын және емін сипаттаңыз.
12. Жедел гематогенді остеомиелиттің балалардағы ерекшеліктерін, патогенезін, клиника-диагностикалық белгілерін және емін түсіндіріңіз.
13. Балалардағы сілекей бездерінің ауруларының жіктелуін атаңыз. Негізгі аурулардың клиникасы, диагностикасы және емін салыстырыңыз.

14. Балалардағы остеомиелиттің негізгі асқынуларын сипаттап, олардың алдын алу және емдеу тактикасын түсіндіріңіз.
15. Паротиттің (эпидемиялық және эпидемиялық емес) түрлерін салыстырыңыз. Клиникасы, диагностикасы, емдеу әдістері және ықтимал асқынуларын түсіндіріңіз.

№2 Аралық бақылауға арналған тест сұрақтары

1. Балаларда төменгі жақсүйегінің сынығын хирургиялық жолмен емдеуге көрсеткіш болып табылады
A. жарықшалардың ығысуымен жүретін сынықтар
B. сүйек қабы асты сынықтар
C. «жасыл бұтақ» типті сынықтар
D. төменгі жақсүйектің бұтағының сынығы
E. төменгі жақсүйектің денесінің сынуы, ығысусыз

2. Балада жоғарғы ернінің сол жақтық туа пайда болған толық жырығы. Statuslocalis сипаттаңыз:
A. мұрын қуысы түбінің бүтіндігінің бұзылысымен, жоғарғы еріннің қысқаруы және мұрынның тері – шеміршектік бөлімінің қалыңдауымен жүретін ақаудың болуы
B. мұрын қуысы түбінің бүтіндігінің бұзылысымен жүретін ақаудың болуы
C. мұрын қуысының түбіне жетпейтін, жоғарғы еріннің қысқаруы және мұрынның тері – шеміршектік бөлімінің қалыңдауымен жүретін ақаудың болуы
D. мұрын қуысының түбіне жетпейтін ақаудың болуы
E. мұрын қуысы түбінің бүтіндігінің бұзылысымен жүретін ақаудың болуы, ақау альвеолярлы өсінді мен қатты және жұмсақ таңдайға таралады

3. Жақсүйектің өсу аймағының зақымдалуының салдары:
A. жақтың өсуін тежеу
B. тіс ұрығының өлуі
C. тіс фолликуласының зақымдалуы
D. тістің қатты тіндерінің гипоплазиясы
E. тістердің жарып шығу мерзімінің бұзылысы

4. Балаларда бет - жақсүйек аймағы тіндерін аппликациялық жансыздандыруға көрсеткіштер:
A. сілемейлі қабықты жансыздандыру және кірісулер
B. субпериостальдық абцесстерді және жұмсақ тіндердің абсцесстерін ашу
C. жоғарғы және төменгі жақсүйектің сүт тістерін жұлу
D. жоғарғы жақсүйектің уақытша және тұрақты тістерін жұлу
E. төменгі жақсүйектің уақытша және тұрақты тістерін жұлу

5. Жергілікті жансыздандыру жасау барысында гематоманың пайда болу себебі:
A. қан тамырының инемен зақымдалуы
B. асептика ережелерінің сақталмауы
C. анестетикті жылдам жіберу
D. жергілікті анестетиктерге аллергия
E. отаның жарақатты болуы

6. Тіс жұлу кезінде болатын асқынулар:
A. жұлынатын тіс сауытының және түбірінің сынып кетуі
B. гайморит
C. периостит
D. альвеолит
E. остеомиелит

7. Жалпы жансыздандыруға жатады:
   A. эндотрахеалдық наркоз
   B. атаралгезия
   C. өткізгіштік анестезия
   D. вагосимпатикалық блокада
   E. инфильтрациялық анестезия
8. Ингаляциялық наркоз үшін қолданылады:
   A. фторотан
   B. калипсол
   C. дроперидол
   D. оксибутират натрия
   E. гексенал
9. Тамыр ішілік наркоз үшін қолданылады:
   A. калипсол
   B. фторотан
   C. азот қышқылы
   D. циклопропан
   E. трихлорэтилен
10. Коллапс кезіндегі пульс...
   A. сирек, жіп тәрізді
   B. жиі, жіп тәрізді
   C. жиі, жақсы толықсыған
   D. сирек, жақсы толықсыған
   E. анықталмайды
11. Анафилактикалық шок ... салдарынан дамиды.
   A. аллергиялық реакция
   B. диатез
   C. интоксикация
   D. созылмалы панкреатит
   E. талықсу
12. Талықсудың негізгі салдары:
   A. бас миының қан -тамырларының рефлекторлы тарлылуы
   B. аллергиялық реакция
   C. жүрек қан-тамырларының рефлекторлы тарылуы
   D. жедел қан-тамыр жеткіліксіздігі
   E. жедел жүрек жеткіліксіздігі
13. Келесі ілеспелі аурулар кезінде тіс жұлу отасын стационар бөлімінде жасайды:
   A. гемофилия, тромбопения
   B. тиреотоксикоз
   C. сульфаниламидтерге аллергиялық реакция
   D. созылмалы гепатит
   E. компенсация сатысындағы қант диабеті
14. Тіс жұлу отасы кезінде болатын шоктың себебі:
   A. аллергиялық реакция
   B. бас миының қан - тамырларының тарылуы
   C. тісті ұзақ уақыт жұлу
   D. гипертониялық сырқат
   E. ота алдында қатты қорқыныш сезімінің болуы
15. Көз асты тесігінің орналасу орны:

A. көз саңылауының төменгі қырынан 0,5 – 075 см төмен, ойша жүргізілген горизонтальды сызық пен жоғарғы жақтың екінші кіші азу тісі бойымен және иек тесігінен ойша жүргізілген вертикальды сызықтардың қиылысы деңгейінде
B. альвеолярлы өсіндінің ішкі бетінен, жоғарғы жақсүйектің үшінші азу тісінің ортаңғы бөлігі деңгейінде
C. көз саңылауның жоғарғы жиегі үстінде
D. жоғарғы жақсүйектің орталық күрек тістерінің аралығында
E. қанат - таңдай шұңқырында

16. Дамыған коллапстың клиникалық белгілері:
A. науқастың естен тануы
B. еріксіз несептің шығуы
C. жүрек қызметінің бұзылысы
D. апноэ және жүрек қызметінің тоқтауы
E. құрысулар

17. Анестезиядан кейін пайда болатын, қатты таңдайдың сілемейлі қабығының өлеттенуінің себебін атаңыз:
A. көп мөлшерде анестетик жіберу
B. анестетиктің 0,1- 0,2 мл енгізу
C. инемен үлкен таңдай жүйкесін зақымдау
D. инемен кіші таңдай жүйкесін зақымдау
E. иенеме мұрын - таңдай жүйкесін зақымдау

A. 18. Аталған дәрілердің ішінде қайсысы жергілікті жансыздандырушы күрделі эфирлер тобына жатады:
B. дикаин, хлорэтил, новокаин
C. тримекаин, лидокаин, бупивокаин
D. анальгин, аспирин, парацетамол
E. димедрол, супрастин, тавегил
F. реланиум, седуксен

19. Амидтер тобына жататын жергілікті жансыздандырушы препараттарды көрсетіңіз:
A. тримекаин, лидокаин, бупивокаин
B. дикаин, хлортил, новокаин
C. димедрол, супрастин, тавегил
D. анальгин, аспирин, парацетамол
E. реланиум, седуксен

20. Жақасты лимфа түйідерінің негізгі қызметі:
A. микробтар мен токсиндерді бейтараптау
B. тромбоциттер синтезі
C. лимфоциттерді жинау және орнын алмастыру
D. лимфоциттерді жүктеу
E. лимфоциттерді түзу

21. Бет- жақсүйек аймағын жергілікті жансздандыру кезінде пайда болатын жергілікті асқыну түрін көрсетіңіз:
A. гематома
B. талу
C. анафилактикалық шок
D. интоксикация (улану)
E. коллапс

22. Май тініен түзілетін ісік ... деп аталады.
A. липома

B. атерома
C. папиллома
D. фиброма
E. гемангиома

23. Жоғарғы тыныс алу жолдарының қысылуы салдарынан асфиксияның ... түрі дамиды.
A. обтурациялық
B. дислокациялық
C. стенотикалық
D. клапандық
E. аспирациялық

24. Бұл ісіктің келесі төрт түрі болады: жалпақ, қойнаулы, рацематоздық, аралас.
A. гемангиома
B. лимфангиома
C. липома
D. атерома
E. невринома

25. Обыр алды аурулардың қатерленуінің белгісі:
A. мүйізгектену процесстерінің күшеюі
B. баяу өсуі
C. жалпы жағдайының нашарлауы
D. қапшықтың түзілуі
E. экспансивті өсу

26,. Серозды лимфаденит емі:
A. консервативті ем
B. бақылау
C. тілік
D. түйінді алу
E. дегидратациялық ем

27. Бұл ісіктің рентгенологиялық литикалық және ұяшықты түрлері бар.
A. остеобластокластома
B. амелобластома
C. адамантинома
D. остеома
E. остеоид - остеома

28. Жоғарғы еріннің алдыңғы бөлімі мен жоғарғы альвеолярлы өсінді құрсақішілік кезеңде ... дамиды.
A. біріншілік таңдайдан
B. біріншілік ерін сайынан
C. альвеолярлы өсіндіден
D. ауыз ойысынан
E. екішілік таңдайдан

29. Жоғарғы жақсүйегін өткізгіштік жолмен жансыздадыру түрі:
A. туберальды
B. торусальдық
C. мандибулярлы
D. ментальдық
E. Берше - Дубов бойынша

30. Төменгі ұяшықтық және тіл жүйкесін біруақытта жансыздандыру мақсатында ... анестезия түрі қолданылады.

A. мандибулярлы
B. у ментального отверстия
C. үлкен таңдай тесігі маңында
D. туберальдық
E. күрек тесік маңында

31. Төменгі ұяшықтық, ұрт және тіл жүйкесін біруақытта жансыздандыру мақсатында ... анестезия түрі қолданылады.
A. торусальдық
B. үлкен таңдай тесігі маңында
C. мандибулярлы
D. туберальдық
E. инфраорбитальдық

32. Төменгі жақсүйегін өткізгіштік жолмен жансыздадыру түрі:
A. торусальдық
B. инфраорбитальдық
C. туберальдық
D. үлкен таңдай тесігі маңында
E. мандибулярлық

33. Мандибулярлы анестезия кезінде ... жүйкелер жансызданады.
A. төменгі ұяшықтық және тілдік
B. ұрттық
C. ұрттық және төменгі ұяшықтық
D. тілдік және ұрттық
E. ұрттық, тілдік және төменгі ұяшықты

34. Торусальдық анестезия кезінде ... жүйкелер жансызданады.
A. төменгі ұяшықтық, тілдік және ұрттық
B. тілдік, иектік, төменгі ұяшықтық
C. тілдік, иектік, ұрттық
D. ұрттық және төменгі ұяшықтық
E. төменгі ұяшықтықжәне тілдік

35. Жоғарғы жақтың уақытша тістерін жұлу кезінде қолданылатын негізгі анестезия түрін атаңыз:
A. инфильтрациялық
B. туберальдық
C. инфраорбитальды
D. сүйек ішілік
E. күрек тістік тесік маңында

36. Осы жасқа дейінгі балаларға адреналин құрамды анестетиктер қолдану ұсынылмайды:
A. 5
B. 3
C. 6
D. 7
E. 10

37. Жергілікті анестетиктердің әсер ету механизмін көрсетіңіз
A. мембрана тұрақтандыру әсерімен жүретін, натрий иодарының жасушалық мемранаға өтуінің төмендеуі
B. жасушалық мембраға кальций иондарының өтуінің және әсер ету потенциялының ұлғаюы
C. жұлының артқы мүйізшелері деңгейінде ауырсыну сезімінің басылуы
D. таламус деңгейінде ауырсыну сезімінің басылуы
E. калий иодарының жасушалық мемрааға өтуінің төмендеуі

38. Анестетиктердің әсер ету нүктесі:
A. сезімтал жүйке аяқшаларыжәне өткізгіштер
B. бас миының қыртысы, сезімтал жүйке аяқшалары
C. таламус, сезімтал жүйке аяқшалары
D. лимбикалық жүйе және өткізгіштер
E. жұлынның артқы мүйізшелері мен өткізгіштер
A. 39. Тамыр тарылтатын әсері бар жергілікті анестетик:
B. мепивакаин
C. лидокаин
D. артикаин
E. анестезин (бензокаин)
F. прокаин (новокаин)
40. Аппликациялық анестезияда қолданылатын препарат:
A. лидокаин
B. мепивакаин
C. артикаин
D. бупивакаин
E. прокаин (новокаин)
41. Ауыз қуысының қабынуы кезінде әсері нәтижелі препарат:
A. артикаин
B. мепивакаин
C. лидокаин
D. бупивакаин
E. прокаин (новокаин)
42. Стоматологиялық поликлиника жағдайында наркозбен ота жасауға қарсы көрсеткіш болып табылады:
A. декомпенсирленген жүрек ақауы
B. мешелдің жасырын түрі
C. компенсация сатысындағы бронхиальды астма
D. созылмалы эрозиялы гастрит
E. созылмалы тонзиллит
43. Шайнау қызметін зерттейтін әдіс ... деп аталады.
A. мастикоциография
B. рентгенография
C. электромиография
D. телерентгенография
E. томография
44. Тістер ретрузиясы деген:
A. фронтальды тістердің оральды бағытта орналасуы
B. фронтальды тістердің вестибулярлы бағытта орналасуы
C. бүйір тістердің ұрт бағытында орналасуы
D. бүйір тістердің дистальды бағытта орналасуы
E. бүйір тістердің мезиальды бағытта орналасуы